



ШЕШІМ

11.12.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 252/32-VIII

город Астана

«Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 7 наурыздағы №155/19-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 4-тармағына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 7 наурыздағы №155/19-VIII шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2024 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 252/32-VIII шешіміне
қосымша

Астана қаласы мәслихатының
2024 жылғы 7 наурыздағы
№ 155/19-VIII шешіміне
қосымша

**Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының
«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын
БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

**Тексеру комиссиясының төрағасы,
D-1 санаты (№ 1-1) - 1 бірлік**

Біліктілік талаптары	
Білімі	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім: экономика (экономика, әлемдік экономика, қаржы, есеп және аудит, менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару, мемлекеттік аудит) немесе құқық (құқықтану, халықаралық құқық). Мемлекеттік аудитор сертификаты және (немесе) бухгалтерлік есеп және аудит саласында халықаралық біліктілігі болуы
Практикалық тәжірибе	Уәкілетті органның актісімен және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес.
Функционалдық міндеттері	Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жалпы басшылықты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады; Тексеру комиссиясының тиісті жылына арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекітеді; Тексеру комиссиясы мен Тексеру комиссиясы аппараты мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады; бекітілген штат саны мен жергілікті бюджетпен көзделген қаражат шегінде Тексеру комиссиясы аппаратының құрылымын және штат кестесін бекітеді

**Тексеру комиссиясының мүшесі, D-2 санаты
(№ 1-2, № 1-3, № 1-4, № 1-5) – 4 бірліктер**

Біліктілік талаптары	
Білімі	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім: экономика (экономика, әлемдік экономика, қаржы, есеп және аудит, менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару, мемлекеттік аудит) немесе құқық (құқықтану, халықаралық құқық). Мемлекеттік аудитор сертификаты және (немесе) бухгалтерлік есеп және аудит саласында халықаралық біліктілігі болуы
Практикалық тәжірибе	Уәкілетті органның актісімен және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес.
Функционалдық міндеттері	Тексеру комиссиясының бекітілген жұмыс жоспарына және мемлекеттік аудит объектілерінің Тізбесіне сәйкес аудиторлық, сараптамалық-талдамалық, ақпараттық қызметін ұйымдастыру; аудиторлық іс-шараны өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асыру және жұмыстың бекітілген бағыттары бойынша оның материалдарын іске асыру; аудиторлық қорытынды ұсынымдарының және нұсқамалар тапсырмаларының орындалуына тұрақты және жүйелі негізде мониторингті жүзеге асыру.